

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

Орындаған: Кенжебаева М. С.

18.537-топ

Тексерген: Жұмабаева Қ. Ж.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ - ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНЕ ҚАУІПТІ ІС-ӘРЕКЕТ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАНЫ АЙҚЫНДАЙТЫН ЗАҢ НОРМАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫНАН ТҰРАТЫН ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ.**

***Қылмыстық құқық*** - қылмыстық құқық қоғамдағы конституциялық, азаматтық, еңбек, әкімшіліктік, қаржы салаларымен реттелетін қатынастарды қорғайды. Мысалы, меншік, ең алдымен, азаматтық құқық нормаларымен реттеліп, қорғалады, бірақ меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан (ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық) қорғау қылмыстық құқықтың міндетіне жатады. Қылмыстық-құқықтық нормалар тек қана тыйымдардан құралады. Осыған орай қылмыстық-құқықтық қатынастар бір жақты сипатта болады: қылмыскер жазаға тартылуға тиіс, ал мемлекет сот органдары арқылы оны жазалауға құқылы.

Қазақстанда Қылмыстық құқықтың бірден бір көзі — 1997 ж. қабылданған ҚР Қылмыстық кодексі. Қылмыстық жауаптылықты белгілейтін, өзгертетін немесе оның күшін жоятын басқа заңдардың бәрі ҚР Қылмыстық кодексінің мәтініне енгізілуге тиіс. Сондай-ақ ҚР Конституциясы, ҚР Конституциялық Кеңесінің (кей елдерде Конституциялық сот) шешімдері және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар (мысалы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1966) да Қылмыстық құқық көздері болып табылады.

# ҚР ҚЫАМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

**заңдылық**

**ізгілік**

**жеке бастың  
жауаптылығы**

**жазадан  
құтылмайтын**

**әділеттілік**

**айыптылық  
қағидаты**

# Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері

Қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай:

**Қылмыс**

**Қылмыстық теріс қылық**

**Қылмыс** — қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік.

Қылмыс - бұл құқық бұзылушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзыушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді.

Жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды. Бұл анықтамада қылмыстың формальды белгісі де (құқыққа қарсылық), материалдық белгісі де (қоғамдық қауіптілік) қамтылады. Сондай-ақ айыптылық пен жазаланушылық та қылмыстың қажетті белгісіне жатады.

Криминологияда және құқықтық статистикада — әрқайсысы үшін қылмыстық жазалау қарастырылған, іс жүзінде жасалған барлық құқыққа қарсы әрекеттердің жиынтығы. Сонымен бірдерлікте қылмыс — жекелеген қылмыстардың тек қана саны (немесе жиынтығы) ғана емес, бұл белгілі бір заңдылықтарды иеленген құбылыс.

# ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

ҚЫЛМЫСТЫҢ объектісі

ҚЫЛМЫСТЫҢ объективтік жағы

ҚЫЛМЫСТЫҢ субъектісі

ҚЫЛМЫСТЫҢ субъективтік жағы

## Қылмыстың төмендегідей белгілерін атап өтейік.

1. **Қылмыс** әрқашан іс – қимыл болып табылады, яғни, ол әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін.

**Әрекет** – бұл қылмыс жасаудың белсенді нысаны. Әрекетсіздікте кінәлі адам өзі жасай алатын әрекетті және жасалуы тиіс әрекетті жасамайды. Адамның ойлау қызметі жазаланбайды, өйткені ол қоғамға қауіпті теріс қылық жасауға алып келмейді.

2. **Қылмыс** – бұл қоғамға қауіпті әрекет, яғни ол қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіруге нақты қауіп төндіреді.

3. **Қылмыс** - әрқашан құқыққа қайшы болады. Құқыққа қайшылық – бұл қылмыстық заңның әрекетке тыйым салуы. Құқыққа қайшылық деп қылмыстық кодексте бекітілген тыйымды қылмыс жасаған адамның бұзуын айтады.

4. **Қылмыстың міндетті белгісінің** бірі адамның кінәсінің болуы. Қасақана немесе абайсызда жасалған әрекет қылмыс болуы мүмкін.

5. **Жазалану.** Егер әрекет жазаланбайтын болса, онда ол қылмыс ретінде қарастырылмайды. Әрбір қылмыс үшін қылмыстық кодексте жаза қарастырылған.



# Қылмыстың санаттары:

<b>Қылмыстың санаттары</b>	<b>Қасақана жасалған қылмыс</b>	<b>Абайсызда жасалған қылмыс</b>
Онша ауыр емес қылмыс	Екі жылдан аспайтын мерзімге	Бес жылдан аспайтын мерзімге
Ауырлығы орташа қылмыс	Бес жылдан аспайтын мерзімге	Бес жылдан астам мерзімге
Ауыр қылмыс	Он екі жылдан аспайтын мерзімге	
Аса ауыр қылмыс	Он екі жылдан астам мерзімге немесе өлім жазасына	

## **Қылмыстық теріс қылықтың нормативтік анықтамасы (ҚР ҚК 10-баб. 3-бөл.):**

- **ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, кінәлі жасалған әрекет (іс-әрекет не әрекетсіздік).**

# Қылмыстық теріс қылықтың белгілері:

Белгі	Мазмұны
Қоғамдық қауіптілік	Әрекеттің адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтіруі немесе осындай зиян келтіру қатерін төндіруі
Кінәлілік	Әрекеттің қасақана немесе абайсызда жасалуы
Құқыққа қайшылық	Әрекеттің Қылмыстық кодексте көзделуі
Жазалылық	Айыппұл (25-500 АЕК) Түзеу жұмыстары (25-500 АЕК) Қоғамдық жұмыстарға тарту Қамаққа алу

# Қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың айырмашылығы

<b>Қылмыс</b>	<b>Қылмыстық теріс қылық</b>
<b>Қоғамдық қауіптілік</b>	<b>Қоғамдық қауіптілік</b> – болмашы зиян келтіру немесе осындай зиян келтіру қатерін төндіру
<b>Кінәлілік</b>	<b>Кінәлілік</b>
<b>Құқыққа қайшылық</b>	<b>Құқыққа қайшылық</b>
<b>Жазалылық:</b> Айыппұл (25-500 АЕК) Түзеу жұмыстары (25-500 АЕК) Бас бостандығын шектеу Бас бостандығынан айыру Өлім жазасы	<b>Жазалылық:</b> Айыппұл (500-10000 АЕК) Түзеу жұмыстары (500-10000 АЕК) Қоғамдық жұмыстарға тарту Қамаққа алу

# ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІК СИПАТЫ БІРКЕЛКІ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІК ДӘРЕЖЕСІНЕ ҚАРАЙ БӨЛІНУІ:

Жай қылмыстық құқық бұзушылықтар

• ҚК 99-бабының 1-бөлігі

Сараланған / ауырлатылған құқық бұзушылықтар

• ҚК 99-бабының 2-бөлігі

Жеңілдетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар

• ҚК 100-105 баптары

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ.**